

**"Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 9-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15673 болып тіркелді

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 18-3-бабына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12595 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) нормативтік қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидалары осы нормативтік қаулыға қосымшаға сай редакцияда жазылсын.

2. Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитетінің  
Төрағасы

Н. Әбдібеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 7 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 11 тамыз

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2017 жылғы 1 тамыздағы  
9-НҚ нормативтік қаулысына  
қосымша

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 21-НҚ нормативтік қаулысымен  
бекітілген

## **Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды беру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 18-3-бабына, "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) сәйкес әзірленген және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды берудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар, терминдер:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит (бұдан әрі – арнайы мақсаттағы аудит) – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша аудит;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды (бұдан әрі – аудиторлық қорытынды) – осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес, бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелері бойынша жасалған жазбаша ресми құжат;

3) квазимемлекеттік сектордың аудиттелетін субъектісі (бұдан әрі – аудиттелетін субъекті) – өзіне қатысты арнайы мақсаттағы аудит жүргізілетін және бюджет қаражатының түпкілікті алушысы болып табылатын квазимемлекеттік сектор субъектісі.

## **2-тарау. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу тәртібі**

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері:

1) бюджеттік кредиттер;

2) қарыздар (мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздар);

3) бюджеттік инвестициялар (заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекет активтерін құру және (немесе) дамыту);

4) мемлекеттік концессиялық міндеттемелер;

5) байланысты гранттар;

6) өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, денсаулық сақтау саласында жүзеге асыратын қазыналық кәсіпорындарды, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар мен қорғаныстық тапсырысты іске асыратын ұйымдарды қоспағанда, мемлекеттік тапсырма және мемлекеттік тапсырыс түріндегі бюджет қаражатын пайдаланған кезде арнайы мақсаттағы аудит бюджет қаражатының қозғалысы бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бастап, бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейін аудиторлық қорытындыда көрсетіле отырып, жыл сайын міндетті түрде жүргізіледі.

Арнайы мақсаттағы аудит аудиттелетін субъекті (тапсырыс беруші) мен Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйым арасында жасалған арнайы мақсаттағы аудит жүргізу туралы шарт негізінде жүргізіледі

Аудит типі Мемлекеттік аудит туралы заңның 3-бабына қарай аудиттелетін субъекті (тапсырыс беруші) мен аудиторлық ұйым арасында жасалған шарттың талаптарымен айқындалады.

4. Арнайы мақсаттағы аудит егер жүргізілген мемлекеттік аудитпен осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бюджет қаражатының пайдаланылуы қамтылған болса, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудитімен (бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша ішкі аудит қызметтері жүргізген аудитті қоспағанда) қамтылған кезеңге жүргізілмейді.

5. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит көлемдерін қысқарту үшін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін (бұдан әрі – Есеп комитеті) және аудиторлық қызмет саласын реттеуді және аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органды арнайы мақсаттағы аудит жүргізу туралы ақпараттандыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) арнайы мақсаттағы аудит жүргізуді жоспарлау туралы – аудиттелетін субъектілер жыл сайын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін.

Бұл ретте акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың еншілес және тәуелді заңды тұлғаларына хабарлама шоғырландырылып жіберіледі;

2) аудиттің басталғаны туралы – аудиторлық ұйым арнайы мақсаттағы аудит жүргізу туралы жасалған шарттың күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде.

6. Арнайы мақсаттағы аудитті аудиторлық қызмет туралы заңнамада, Мемлекеттік аудит туралы заңда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттары мен Есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12557 болып тіркелген) көзделген талаптарды сақтай отырып, аудиторлық ұйымның басшысы бекіткен аудит бағдарламасына сәйкес аудиторлық ұйым жүргізеді.

7. Арнайы мақсаттағы аудит жүргізуге арналған шартты орындау кезінде аудиторлық ұйымның алған мәліметтері, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсынылатын мәліметтерді қоспағанда, коммерциялық құпияны құрайды.

8. Арнайы мақсаттағы аудитті "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңының 24-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйым жүргізеді.

**3-тарау. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелерін ұсыну тәртібі**

9. Арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелері бойынша осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық қорытынды жасалады.

10. Аудиторлық қорытынды үш данада жасалады, оған біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып аудитор-орындаушы қол қояды, оның жеке мөрімен куәландырылады.

Аудиторлық қорытынды аудиторлық ұйым басшысының бекітуіне жатады және ұйымның мөрімен куәландырылады.

Аудиторлық қорытындының бір данасын аудитор-орындаушы танысу үшін аудиттелетін субъектіге ресми хатпен ұсынады.

11. Аудиттелетін субъекті арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, аудиторлық қорытындыны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтардың әрбір тармағы бойынша аудиттелетін субъектінің тиісті түсіндірмелерін және (немесе) қарсылықтарын аудиттелетін субъектінің бірінші басшысының қолының қойылуымен аудиторлық ұйымға ұсынады.

12. Аудиторлық ұйымның Есеп комитетіне аудиторлық қорытындыны бекіткен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жіберетін оның үшінші данасына аудиторлық қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттардың қажетті көшірмелері, аудитор жүргізген есептеулер, аудит бағдарламасының көшірмесі, аудиттелетін субъектінің жазбаша түсіндірмелері мен (немесе) қарсылықтары және оларға аудиторлық ұйымның жауаптары, арнайы мақсаттағы аудит барысында анықталған алшақтықтар бойынша басқа да материалдар, сондай-ақ аудиттелетін субъектінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер қоса беріледі.

13. Есеп комитеті осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес, аудиторлық ұйым ұсынған құжаттарды Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бірыңғай дерекқорына орналастырады.

14. Есеп комитеті арнайы мақсаттағы аудиттің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асырады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне  
арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және  
квазимемлекеттік сектор субъектілеріне  
арнайы мақсаттағы аудит  
бойынша аудиторлық қорытынды  
беру қағидаларына қосымша  
Нысан

Бекітемін: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Аудиторлық ұйым басшысының  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) қолы,  
аудиторлық ұйымның атауы,  
мөрдің орны, лицензияның №,  
берілген күні)

# Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу бойынша аудиторлық қорытынды

\_\_\_\_\_ (жасалған орны)

\_\_\_\_\_ (күні)

Аудиторлық ұйым, \_\_\_\_\_

—  
(аудиторлық ұйымның атауы, БСН)

— — — — —  
квзимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізуге арналған 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ шарттың негізінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 21-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды ұсыну қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12595 болып тіркелген), Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12557 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қатысты

(заңды тұлға-резидент атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

квзимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит (бұдан әрі – аудит) жүргізілді және оның қорытындысы бойынша 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ және 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ аралығындағы кезең үшін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу бойынша аудиторлық қорытынды (бұдан әрі – аудиторлық қорытынды) жасалды.

Аудит басталды \_\_\_\_\_

Аудит аяқталды \_\_\_\_\_

(күні)

(күні)

Аудиттің мақсаты: \_\_\_\_\_

Аудиттің мәні: \_\_\_\_\_

— — — — —  
(бюджет қаражаты (бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бөлінісінде), бюджеттік кредиттер, қарыздар (мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар,

сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздар), бюджеттік инвестициялар (заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру және (немесе) ұлғайту, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекет активтерін құру және (немесе) дамыту), мемлекеттік концессиялық міндеттемелер, байланысты гранттар, мемлекеттік тапсырмалар, қазынашылық кәсіпорындарды, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар мен қорғаныстық тапсырысты іске асыратын ұйымдарды қоспағанда мемлекеттік тапсырыс көрсетіледі):

Аудиттелетін субъектінің байланыс телефондары: телефондар, факс: \_\_\_\_\_

Аудит барысында ұсынылған құжаттар тізбесі: \_\_\_\_\_

Аудит барысында аудиторлық ұйым сұратқан, бірақ ұсынылмаған құжаттар тізбесі:

## 1. Аудиттелетін субъекті туралы жалпы мәліметтер

1. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі/қайта тіркелуі туралы куәлік (анықтама):  
тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_, берілген күні \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны: \_\_\_\_\_

3. Меншік түрі: \_\_\_\_\_

4. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) көшу туралы мәліметтер:

(Иә/Жоқ, ХҚЕС-ке көшкен күні, негізі)

5. Құрылтайшылар (қатысушылар): \_\_\_\_\_

(Құрылтайшылардың (қатысушылардың) Т.А.Ә.(болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның құрылтайшының атауы, БСН, жарғылық капиталдың сомасы, қатысу үлесі %-бен)

6. Аудиттелетін субъектінің мекенжайы (заңды): \_\_\_\_\_

—  
Пошта индексі: \_\_\_\_\_

— — — —  
Облыс/Аудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Қала/Аудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Кент/Ауыл: \_\_\_\_\_

— — — —  
Көше/Шағынаудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Үйдің нөмірі: \_\_\_\_\_

— — — — — — — —  
Пәтер/бөлме/офис: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Аудиттелетін субъектінің мекенжайы (нақты):

Пошта индексі: \_\_\_\_\_

— — — —  
Облыс/Аудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Қала/Аудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Кент/Ауыл: \_\_\_\_\_

— — — —  
Көше/Шағынаудан: \_\_\_\_\_

— — — —  
Үйдің нөмірі: \_\_\_\_\_

— — — —  
Пәтер/Бөлме/офис: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 7. Аудитпен қамтылған кезеңде лауазымды адамдар болып табылғандар: \_\_\_\_\_

— — — —  
(Басшының Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН-ы, кезең, бухгалтердің ЖСН-ы, кезең)

8. Банк шоттары туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

—



---

(банктің атауы, БСН, БСК, шот №, валюта шотының түрі, ашылған және жабылған күні )

9. Бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша алдыңғы аудит (бақылау) туралы мәліметтер (тексеру (аудит) мәні аудиторлық ұйым жүргізген аудит мәнімен сәйкес келетін басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және құқық қорғау органдарының бұрын қамтыған мәселелері бойынша ғана қысқаша мәліметтер, аудиттелетін субъектінің мемлекеттік аудит объектісі ретінде қабылдаған, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар көрсетіледі. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бақылауда тұрған қаулылары (нұсқамалары) бойынша орындау мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар бойынша шаралар көрсетіледі ), соңғы үш жылдағы қаржылық есептілік аудиті туралы мәліметтер (№, күні, аудиторлық ұйымның атауы, аудитордың Т.А.Ә. (болған жағдайда), мекенжайы, аудитордың байланыс телефондары)

---

(актінің №, күні, аудиторлық ұйымның атауы, орындаушының Т.А.Ә. (болған жағдайда), аудиттің (бақылаудың) жүргізілген орны, кезеңі және түрі, бұзушылықтар сомасы, бұзушылықтарды жою үшін қабылданған шаралар, аудитордың байланыс телефондары)

10. Қызметтің нақты түрлері туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

11. Қайта ұйымдастыру туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

12. Филиалдар және өкілдіктер туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

13. Аудиттелетін субъект оларда меншік иесі (қатысушы) болып табылатын, заңды тұлғалар туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

14. Есеп саясатының болуы: \_\_\_\_\_

(Иә/Жоқ)

## 2. Аудит мәліметтері

Осы аудитпен мыналар анықталды: \_\_\_\_\_

Аудиттің мақсатына қол жеткізілгендігін растау үшін жеткілікті, жүргізілген аудит нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі. Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар белгіленеді, бұл ретте Аудит бағдарламасының әрбір мәселесінің атауы көрсетіледі.

Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар толық, дәл, объективті және қысқа баяндалады. Аудиттелетін субъект қызметінің тексерілетін мәселелер бойынша нәтижелері аудиторлық қорытындының қосымшаларында толық ақпаратты көрсете отырып, аудиторлық қорытындыда жалпылама түрде белгіленеді.

Аудит мәселелері бойынша бұзушылықтар, кемшіліктер, соның ішінде нормативтік құқықтық актілер, құқықтық коллизиялар арасындағы қайшылықтармен және (немесе) құзыреттің болмауымен немесе жеткіліксіз болуымен, өкілеттіктердің қайталануымен, басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл тетігінің болмауымен байланысты бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған жағдайда, әрбір бұзушылық (кемшілік) фактісі жалғасу тәртібімен нөмірленеді және ережелері бұзылған нормативтік және құқықтық актілер, соның ішінде ішкі актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме жасай отырып, бұзушылықтың (кемшіліктің) сипаты мен түрі баяндалып, оларды жою жөніндегі ұсынымдар көрсетіліп жеке тармақпен белгіленеді (1-тармақ, 2-тармақ және т.б.) және тиісті бұзушылыққа (кемшілікке) дәлел болатын құжаттар көрсетіледі.

Егер Аудит бағдарламасының мәселесі бойынша талдамалық сипатқа ие мәселелерден басқа бұзушылықтар (кемшіліктер) анықталмаса, онда қысқаша ақпарат келтіріледі және "Бағдарлама мәселесі (атауы) тексерілді. Бұзушылықтар (кемшіліктер) анықталған жоқ" деген жазба жасалады. Аудиторлық қорытындыға тексеруге жатқызылған құжаттар тізбесі олардың деректемелері көрсетіле отырып қоса беріледі.

Аудиторлық қорытындыға қосымша ретінде ресімделетін мынадай кестелер толтырылады:

1) 1-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат;

2) 2-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік кредиттердің орындалуы туралы ақпарат;

3) 3-кесте. Аудитпен қамтылған байланысты гранттардың орындалуы туралы ақпарат;

4) 4-кесте. Концессиялық (мемлекеттік концессиялық міндеттемелер) және инвестициялық жобалардың орындалуы және қымбаттауы туралы, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының орындалған (қабылданған) көлемдері және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат;

5) 5-кесте. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер.

Аудиторлар аудиторлық қорытындының қосымшалары болып табылатын өзге де қажетті кестелерді жасауы мүмкін. Аудиторлық қорытындыдағы аталған қосымшаларға сілтемелердің болуы міндетті.

### 3. Аудиттелетін субъекті туралы деректер

1. Аудиттелетін субъектінің тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сату бойынша жылдық табыс және жалпы айналым:

\_\_\_\_\_

2. Аудиттелетін субъектінің сатып алған тауарлары, жұмыстары және көрсетілетін қызметтері: \_\_\_\_\_

3. Қызметкерлер саны және олардың табыстарының есептелген сомалары:

\_\_\_\_\_

4. Аудиттелетін субъектінің мемлекеттік сатып алуға қатысуы туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

5. Аудит (бақылау) нәтижелері бойынша аудиттелетін субъектіге қатысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының анықтаған, бұрын жойылмаған бұзушылықтар мен кемшіліктер және аудит барысында оларды жою жөнінде қабылданған шаралар:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

6. Аудиттелетін субъектінің касса, банк шоттары және фискальды жадысы бар бақылау-кассалық машиналары бойынша ақша қаражатының бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейінгі қозғалысы:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(шот №, шот валютасы, айналымдар, күнтізбелік жыл басындағы және соңындағы сальдо)

7. Аудит барысында аудиттелетін субъектінің контрагенттері бойынша жіберілген сұрау салулардың нәтижелері: \_\_\_\_\_

8. Бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша уәкілетті органдар мен ұйымдарға жіберілген сұрау салулардың нәтижелері: \_\_\_\_\_

9. Аудиттелетін субъектінің аудит барысындағы экспорттық-импорттық операциялары жөніндегі ақпарат: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(сыртқы экономикалық қызметке қатысушының атауы, тиісті салықтық кезеңдер бойынша кедендік құнның жалпы сомасы (объектілер саны))*

10. Аудиттелетін субъектінің жалған кәсіпорындармен жасалған операцияларының бар-жоғы туралы, айыппұлдар (әкімшілік және т.б.), сот субъект кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жасаған деп таныған, сот жарамсыз деп таныған мәмілелер туралы, тіркелуін сот жарамсыз деп таныған контрагенттермен жасалған, жарамсыз деп танылған операциялар туралы ақпарат, әрекетсіз деп танылған контрагенттермен жасалған операциялар туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(заңды тұлғаның атауы, ЖСН/БСН, сот актілерінің №, күні, әрекетсіз салық төлеушілерді тану және контрагенттер бойынша операциялардың сомалары)*

11. Аудиттелетін субъектінің дебиторлық және кредиторлық берешегі туралы ақпарат: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
*(жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің Т.А.Ә. (болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы, ЖСН/БСН, айналымдар, тиісті кезеңдердің басындағы және соңындағы сальдо)*

12. Аудиттелетін субъектінің шарттары мен мәмілелеріндегі (цессиялар, талаптарын беру, өзара есепке жатқызу, қарсы талаптарды есепке жатқызу, борышты кешу, бас тарту, жаңалық, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеменің тоқтатылуы және т.б.) тұлғаларды ауыстыру және міндеттемелерді тоқтату туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
13. Аудиттелетін субъектінің резидент еместермен операциялары бойынша мәліметтер: \_\_\_\_\_

— — — —  
(резидент еместердің Т.А.Ә. (болған жағдайда), атауы, шарттың (келісімшарттың)  
нөмірі және күні, есептелген және төленген кірістердің сомасы)

14. Бюджет қаражатын пайдалану бойынша қылмыс ретінде жазаланатын  
әрекеттердің белгілері туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

— — — —

15. Қосымша мәліметтер: \_\_\_\_\_

—

16. Аудит барысында қабылданған шаралар.

Аудиттелетін субъектінің аудит барысында анықталған бұзушылықтарды (кемшіліктерді) жою бойынша қабылдаған шаралары туралы мәліметтер көрсетіледі (салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды жете есептеу, негізсіз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, аудиттелетін субъектінің лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары және басқалары).

17. Аудиторлық қорытындыға қосымша \_\_\_\_\_ парақ.

Аудит жүргізген адамдар: \_\_\_\_\_

—

— — — — — — — —  
(Аудитор-орындаушылардың Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы, аудиторлардың мөрі,  
біліктілік куәлігінің №, берілген күні)

Аудиторлық қорытындыны:

\_\_\_\_\_

— а л д ы м

(Аудиттелетін субъектінің не (немесе) оның өкілінің Т.А.Ә. болған жағдайда), қолы,  
күні)

Аудиторлық қорытынды аудиттелген субъектіге табыс етілді:

\_\_\_\_\_

— — — —  
(Аудиторлық ұйымның лауазымды адамының Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы, күні)

Аудиторлық қорытынды аудиттелген субъектіге жіберілді:

\_\_\_\_\_

— — — —

(оның жіберілгенін және (немесе) қолма-қол, хабарламасы бар тапсырыс хатпен алу фактісін растайтын құжат).

18. Аудиторлық қорытынды нөмірленеді, тігіледі және аудитордың мөрімен бекітіледі.

19. Қосымшалар:

1) аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі (міндетті түрде) (Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12557 болып тіркелген) 21-қосымшасына сай нысан бойынша;

2) тиісінше куәландырылған құжаттардың көшірмелері, бұзушылық (кемшілік) фактілерін растайтын анықтамалар, кестелер, фотосуреттер;

3) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне қарай, жол берілген бұзушылықтарға (кемшіліктерге) қатысы бар адамдардың жазбаша түсіндірмелері (қажет болған жағдайда);

4) бақылау өлшемі және тексеріп қарау актілері (оларды жасаған жағдайда);

5) зерттеулердің (сынақтардың және тағы басқа), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиттің нәтижелеріне байланысты басқа құжаттар немесе олардың көшірмелері (оларды жасаған жағдайда);

6) сараптамалық қорытындылар (сарапшылар тартылған жағдайда);

7) мемлекеттік қызметті алушылардың қанағаттанушылығы тұрғысынан халыққа сауалнама жүргізу нәтижелері (жүргізілген жағдайда);

8) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (аудит барысында қаражатты өтеген (қалпына келтірген) жағдайда): төлем тапсырмалары (төлеуге берілетін шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалар); тізімдемелер, ордерлер, өкімхаттар; мемлекеттік аудит объектісінің ақы төлеу фактісін растайтын (түсіндіретін) жазбаша түсіндірмелері (шығыс нөмірі мен күні көрсетілген ресми бланкте);

9) аудиторлық қорытындының танысуға жіберілген (тапсырылған) күнін растайтын құжат (көшірме) (қорытындының танысуға қабылданғандығы туралы аудит объектісінің мөртабаны болмаған жағдайда);

10) Аудиттелген субъектінің Аудиторлық қорытындыға түсініктемесі және (немесе) қарсылығы (егер ондайлар болса).

Ескертпе: Арнайы мақсаттағы аудиттің аудиторлық қорытындысындағы ақпарат бөлінген бюджет қаражатының, соның ішінде мемлекет активтерінің шеңберінде көрсетіледі.

**1-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат (мың теңге)**

Р/с №	Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың), ерекшеліктердің атауы	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджет жобасына бюджеттік өтінім бойынша қаражат қажеттілігі	Д а м у жоспарының жыл басына бекітілген сомасы	Бекітілген соманың бюджеттік өтінім қажеттілігінен ауытқуы (+;-)	Д а м у жоспарының жыл соңына түзетілген (нақтыланған) сомасы	Ж ы л қорытындысы бойынша төленген міндеттемелер	Түзетілген (нақтыланған) сома мен төленген міндеттемелер арасындағы ауытқу, қаражаттың игерілмеу себептерін көрсету	Ж ы л қорытындысы бойынша нақты шығыстар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Бюджеттік бағдарлама							
	кіші бағдарлама							
	Ерекшеліктер							
	Барлығы							

**Е с к е р т у :**

3-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл басына көзделген қаражаты;

5-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл соңына көзделген қаражаты;

6-бағ. – баланс деректері;

7-бағ. – баланс деректері.

2017 жылғы 1 тамыздағы  
Аудиторлық қорытындыға  
№ 2 қосымша

**2-кесте. Аудитпен қамтылған бюджеттік кредиттердің орындалуы туралы ақпарат (мың теңге)**

Р/с №	Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың), ерекшеліктердің атауы	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджет жобасына бюджеттік өтінім бойынша қаражат қажеттілігі	Д а м у жоспарының жыл басына бекітілген сомасы	Бекітілген соманың бюджеттік өтінім қажеттілігінен ауытқуы (+;-)	Д а м у жоспарының жыл соңына түзетілген (нақтыланған) сомасы	Ж ы л қорытындысы бойынша төленген міндеттемелер	Түзетілген (нақтыланған) сома мен төленген міндеттемелер арасындағы ауытқу, қаражаттың игерілмеу себептерін көрсету	Ж ы л қорытындысы бойынша нақты шығыстар
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Бюджеттік бағдарлама							

кіші бағдарлама							
ерекшеліктер							
Барлығы							

Ескерту:

3-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл басына көзделген қаражаты;

5-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл соңына көзделген қаражаты;

6-бағ. – баланс деректері;

7-бағ. – баланс деректері.

2017 жылғы 1 тамыздағы  
Аудиторлық қорытындыға  
№ 3 қосымша

3-кесте. Аудитпен қамтылған байланысты гранттарды пайдалану туралы ақпарат (мың теңге)

Р/с №	Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың), ерекшеліктердің атауы	Грантты пайдалану кезеңі	Өтінім бойынша қаражат қажеттілігі	Даму жоспарының жыл басына арналған бекітілген сомасы	Бекітілген соманың өтінім қажеттілігінен ауытқуы (+;-)	Даму жоспарының жыл соңына түзетілген (нақтыланған) сомасы	Пайдаланылған байланысты гранттар және оларды мақсаты	Түзетілген (нақтыланған) сома мен пайдаланылған байланысты гранттар арасындағы ауытқу, қаражаттың пайдаланылмау себептерін көрсету	Жкбнш
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескерту:

5-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл басына көзделген қаражаты;

6-бағ. – даму жоспарының бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бөлінісіндегі жыл соңына көзделген қаражаты;

7-бағ. – баланс деректері;

8-бағ. – баланс деректері.

2017 жылғы 1 тамыздағы  
Аудиторлық қорытындыға  
№ 4 қосымша



4-кесте. Концессиялық (мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің) және инвестициялық жобалардың орындалуы және қымбаттауы туралы, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының орындалған (қабылданған) көлемдері және құрылыс объектілерін пайдалануға берудің уақтылылығы туралы ақпарат

Р/с №	Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) / инвестициялық / концессиялық жоба объектісінің/ атауы	Бекітілген инвестициялық / концессиялық жобаның құны	Инвестициялық / концессиялық жобаны іске асыру кезеңі	Соның ішінде		Мемлекеттік сараптама жасау бойынша құрылыстың сметалық құны (мың теңге)	Іске асыру кезеңі	
				Құрылысқа арналған сома	Басқа тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге арналған сома		құрылыстың нормативтік ұзақтығы	шарт бойынша
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
2.								
...								

**кестенің жалғасы**

Құрылыстың шарттық құны (мың теңге)	Құрылыс басталғаннан бері орындалған (қабылданған) көлем (мың теңге)	Шартқа сай объектіні пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі	Объектіні пайдалануға берудің нақты мерзімі	Объектілерді пайдалануға уақтылы бермеудің себептері	Құрылыстың қымбаттау сомасы	Құрылыстың қымбаттау себептері
10	11	12	13	14	15	16

**кестенің жалғасы**

Инвестициялық / концессиялық жобаға сәйкес тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің құны	Соның ішінде жер учаскесінің негізгі құралдары	Соның ішінде материалдық емес активтер (бағдарламалық қамтамасыз ету және басқалары)	Шартқа сәйкес құны	Шартқа сәйкес тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету мерзімі	Нақты шығыстар	Қымбат-тау сомасы	Қымбат-тау себептері	Тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың және қызметтерді көрсетудің нақты мерзімі	Ауыт себеп
17	18	19	20	21	22	23	24	25	26

5-кесте. Квзимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы мәліметтер

Р/с №	Бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі	Бюджет қаражаты қандай мақсаттарға бөлінді	Жарғылық капиталдың көзделген қаражаты		Жарғылық капиталдың бөлінген қаражатының нақты пайдаланылуы		Жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларға қол жеткізу нәтижелері
			іс-шара	сома (мың теңге)	іс-шара	сома (мың теңге)	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
...							

Ескерту:

2-бағ. – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың негіздемесі, орындылығы және нәтижесін бағалау;

3-бағ. – заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражатының есебінен ұлғайтуға қызметті дамыту немесе кеңейту мақсаттары үшін жол беріледі;

4-бағ. – қаражатты қандай іс-шараларға пайдалану жоспарланды;

5-бағ. – жоспарланған қаражат сомасы;

6-бағ. – қаражат қандай іс-шараларға нақты пайдаланылды;

7-бағ. – нақты шығыстар сомасы;

8-бағ. – қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген мақсаттарға қол жеткізілді ме, бөлінген бюджет қаражатын оқшаулау фактілері